

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ  
ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ**

**ЕМР7201– «Білім берудегі арт- технологиялар»  
ПӘНІ БОЙЫНША  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

2023-2024 оқу жылы  
5 кредит, 1курс, қазақ бөлімі

Алматы, 2023

## «7М01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы

### «Білім берудегі арт- технологиялар» пәні бойынша

#### ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына жазбаша тапсырады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және БӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады.

Тақырыптық мазмұндар барлық жұмыстарды қамтиды: дәрістер тақырыптары, студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары.

Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

#### Дайындалуға арналған тақырыптар:

- 1 - тақырып.** Білім беруде арт технологиялардың үрдістері мен бағыттары
- 2 - тақырып.** Арт технологиялардың әдіснамалық негіздері
- 3 - тақырып.** Білім берудегі арт-технологияның терапиялық бағыттары
- 4 - тақырып.** Арт-технологияның басқа да білім салаларымен байланысы.
- 5 - тақырып.** Арт технологиялар түрлері мен қолдану техникалары
- 6 - тақырып.** Арт технологиялар психокоррекциялық жұмыстарды байланыстыру механизмдері
- 7 - тақырып.** Арт-педагогика және шығармашылық технологиялар
- 8 – тақырып.** Арт-әдістердің тәрбиелік іс-шараларда қолданылуы
- 9 - тақырып.** Білім беру үдерісінде балалардың көркемдік іскерлігін ұйымдастырудың артпедагогикалық формалары
- 10 - тақырып.** Артпедагогика құралдары арқылы педагогтің ерекше қажеттіліктері бар балалар дамуына ықпалы
- 11 – тақырып.** Инновациялық арт-әдістер негізіндегі аниматорлық қызмет
- 12 - тақырып.** Ертегі терапиясының құрылымы мен түрлері
- 13 - тақырып.** Бейнелеу өнерінің терапиялық мүмкіндіктері
- 14 - тақырып.** Музыка терапиясының негізгі механизмдері
- 15 - тақырып.** Арт технологиялардың жобалау-зерттеу қызметі.

### Баға қою критерийлері:

| Балл                         | Жауап мазмұны   |
|------------------------------|---|
| 90-100 балл<br>(Өте жақсы)   | 1.Презентациялық жұмыс талаптарға сай әзірленген. 2.Мазмұны әдістер туралы толық мәлімет береді,практикалық ерекшеліктері сипатталған және толықшешілген.<br>3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді.<br>4.Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді. |
| 75-89 (Жақсы)                | 1.Презентациялық жұмыс талаптарға сай әзірленген. 2.Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3.Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған.<br>4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 75% игергендігін білдіреді.   |
| 50-74<br>(Қанағаттанарлық)   | 1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған.<br>2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған.<br>3. Ауызша жауаптары қысқа және қосымша жүйелілікті талап етеді.   |
| 0-49<br>(Қанағаттанарлықсыз) | 1. Жұмыс мүлде орындалмаған немесе 50% орындалған, теориялық материалдарда қате кездеседі.<br>2. Практикалық жауап мүлде жоқ.<br>3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.   |

### ПӘНДІ ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

#### *Негізгі әдебиеттер:*

- 1 Выготский Л.С. Психология искусства. -М., Искусство, 1986
- 2 Копытин А. И. Теория и практика арт-терапии. СПб.: Питер, 2002.
- 3 Копытин А. И. Арт-терапия в общеобразовательной школе. Методическое пособие. СПб.: Академия Постдипломного педагогического образования, 2005.
- 4 Копытин А. И., Свистовская Е, Е. Руководство по детско-подростковой и семейной арт-терапии. – СПб.: Речь, 2010. – 256 с.
- 5 Мартинсон К. Искусствотерапия - СПб. Речь, 2014. -352с.
- 6 Ляшенко В.В. Арт-терапия как практика самопознания: присутственная арт-терапия. Учебное пособие - М.: "Психотерапия", 2014.- 142 с.
- 7 Мадалиева З. Б. Арт-терапия. - Алматы: "Қазақ университеті", 2016. -59 с.
- 8 Айтбаева А.Б., Қасен Г.А. Арт-методы в образовании. - Алматы: Қазақ университеті, 2016 - 100с.
- 9 Мадалиева З. Б. Мукашева А.Б., Қасен Г.А., Сеилханова М.Е. Развитие арт-педагогических и арт-терапевтических школ: мировой опыт. – Алматы: " Қазақ университеті ", 2016 -46 с.
- 10 Мадалиева З. Б. Жалпыға арналған арт-терапия: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: "Қазақ университеті", 2016. – 160 с.
- 11 Бақтыбаев Ж.Ш., Төлешова Ұ.Б., Әбдіқадырқызы Ж. Білім берудегі арт-технологиялар: оқу құралы: Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 98 б.
- 12 Қасен Г.А., Төлешова Ұ.Б., Мукашова А.Б.. оқу-әдістемелік құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 88 б.

Интернет-ресурсы:

1 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // <http://www.edu.gov.kz>.

2 Дженнингс С., Минде А. Сны, маски и образы. Практикум по арт-терапии [Электронный ресурс] / пер. с англ. И. Динерштейн. – М. : Эксмо, 2003. – 384 с. – Режим доступа: [http://www.e-reading.mobi/bookreader.php/107286/Dzhennings\\_-\\_Sny%2C\\_maski\\_i\\_obrazy.pdf](http://www.e-reading.mobi/bookreader.php/107286/Dzhennings_-_Sny%2C_maski_i_obrazy.pdf) (дата обращения: 17.01.17).

3 Евтушенко Г. Н., Белова Е. А. Роль артпедагогике и арт-терапии в гармоничном развитии ребенка с проблемами [Электронный ресурс] // Интерактивная наука. – 2016. – № 2. – С. 85-88. – Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article/n/rol-artpedagogiki-i-art-terapii-v-garmonichnom-razvitii-rebenka-s-problemami> (дата обращения: 12.01.17).

4 Копытин А. И. Арт-терапия в контексте культуры и технологии [Электронный ресурс] // Арт-терапия и творческое самовыражение в сохранении здоровья и развитии человеческого потенциала : тез. докл. Междунар. конф. по терапии искусством (Москва, 9-11 апр. 2010 г.). – М., 2011. – Режим доступа: [http://rusata.ru/art-terapiya\\_v\\_proshlom\\_i\\_nastoyasc?view=52628201](http://rusata.ru/art-terapiya_v_proshlom_i_nastoyasc?view=52628201) (дата обращения: 27.01.17).

5 Перевышина Н. Ю. Арт-технологии в музыкальном образовании детей с ограниченными возможностями здоровья [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://academicon.ru/publ/pedagogika\\_socialnaja/perevyshina\\_n\\_ju\\_art\\_tekhnologii\\_v\\_muzykalnom\\_obra\\_zov\\_anii\\_detej\\_s\\_ogranichennymi\\_vozmozhnostjami\\_zdorovja/8-1-0-320](http://academicon.ru/publ/pedagogika_socialnaja/perevyshina_n_ju_art_tekhnologii_v_muzykalnom_obra_zov_anii_detej_s_ogranichennymi_vozmozhnostjami_zdorovja/8-1-0-320) (дата обращения: 14.02.17).

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ  
МАҒ/ СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША**

| №                  | Критерий/ балл  | Дескрипторлар  |   |   |   |  |
|--------------------|---|--|---|---|---|--|
|                    |   | Өте жақсы<br>90–100% (27-30 балл)  | Жақсы<br>70–89% (21-26 балл)  | Қанағаттанарлық<br>50–69% (15-20 балл)  | Қанағаттанарлықсыз<br>25–49% (8-14 балл)<br>0–24% (0-7 балл)  |  |
| 1 сұрақ<br>30 балл | Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну                         | «Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады. | «Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді. | «Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Өзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді. | Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.   | Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.  |
| 2 сұрақ<br>30 балл | Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану | Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;  | Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;   | Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.  | Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шешпе алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің | Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

| №                  | Критерий/ балл  | Дескрипторлар  |   |   |   |   |
|--------------------|---|--|---|---|---|---|
|                    |   | Өте жақсы  | Жақсы   | Қанағаттанарлық   | Қанағаттанарлықсыз  |   |
|                    |   | 90–100% (36-40 балл)   | 70–89% (35-28 балл)   | 50–69% (27-20 балл)   | 25–49% (19-10 балл)   | 0–24% (0-9 балл)  |
| 3 сұрақ<br>40 балл | Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі | Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау). | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді. | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ | Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды. | Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.